Қазақ университеті баспасы

Н. Ә. Алдабек
А. Ә. Тұргенбай

# ШЫҢЖАҢ ТАРИХЫ
## (Ежелгі заманнан ХХ ғасырдың ортасына дейін)



Алматы 2014

Оқу құралы

ӘОЖ 94 (510)
КБЖ 63.3 (5 Кит)
А 40

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің Ғылыми Кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**
тарих ғылымдарының докторы , профессор ***Х.А. Сутеева***
филология ғылымдарынын докторы, профессор ***Д. Мәсімханұлы***
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент ***П.Е. Бектұрғанова***

**Алдабек Н.Ә., Түргенбай А.Ә.**
А 40 Шынжаң тарихы *(Ежелгі заманнан XX ғасырдың орта сына дейін)* / Н.Ә. Алдабек, А.Ә. Түргенбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 326 б.
**ISBN 978–601–04–0603–2**

Оқу құралында ҚХР-дың Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданы ту ралы мәліметтермен қатар Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар жүйесінде геосаяси, геостратегиялық маңызы жағынан ерекше орын ал Шынжаңның күрделі де күрмеуі көп тарихы тың деректер арқылы жә методологиялық тұрғыдан жүйелі түрде зерделенген. Қытайдың, Ресейдің және бұрынғы Кеңес Одағының осы өлкеге қатысты жүргізген саясаты сан қырлы астарлы шаралары, өлкенің талқыға толы тағдыры атал мемлекеттердің ұлттық және мемлекеттік мүдделері тұрғысынан шешіл келгендігі нақты тарихи деректер негізінде дәйектелген.

Оқу құралы шығыстану, аймақтану және халықаралық қатынастар мамандықтары саласындағы жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ ғылыми ізденушілерге, оқытушылар арналған.

**ӘОЖ 94 (510)**
**КБЖ 63.3 (5 Кит)**

© Алдабек Н.Ә., Түргенбай А.Ә., 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

ISBN 978–601–04–0603–2

# КІРІСПЕ

Орталық Азия территорияларының ішінде, қазақтар «Шыңжаң» деп атап жүрген немесе қытайшадан аударғанда «жаңа жер, жаңа шекара» деген мағына беретін өлке географиялық орналасуы жағынан аймақтың дәл ортасында тұрғандықтан, көптеген тарихи әдебиеттерде оны Азияның «жүрегі», «тоғысу түйіні», Азияның «қақпасы» деп атау кеңінен орын алған. Міне, осы Азияның «жүрегі» саналған Шыңжаң жері, географиялық сипаттамасы, жерасты мен жер беті байлықтары туралы, осы өлкені мекендеген халықтардың тарихы, сырт мемлекеттердің өткен ғасырлардағы бұл өлкедегі жүргізген саясаттары қазіргі геосаяси тұрғыдан алғанда өте маңызды болып отыр. Шыңжаңдағы қазіргі саяси жағдайын бағамдау үшін, оның өткен тарихын білу қажет. Сондықтан да Қытай Халық Республикасының құрамындағы Шыңжаң өлкесінің, сонау ерте заманнан бастап, күні бүгінге дейін Орталық Азиядағы геосаяси жағдайы ерекше сипатқа ие және халықаралық қатынастардағы өте күрделі аймақ болып саналады.

Шыңжаңның өткен тарихы буырқанған оқиғаларға толы болды. Бұл жерде отырықшы және көшпелі халықтардың мәдениеті тоғысып, сонау көне замандарда өзіндік өркениет ошақтары пайда болған. Шыңжаң жері арқылы қайнаған қызу сауда жолдары – әйгілі Ұлы Жібек жолының ең маңызды күре тамыр салалары өтіп, халықтардың ұлы қоныс аударулары да осы жер арқылы жүрген. Бұл жерге жатжерлік басқыншылар келіп, жауынгер көшпелілер өздерінің ұлы жорықтарын осы жерге бағыттаған, державалардың мүдделері түйісіп, мемлекеттер арасындағы ұлы саясаттар осы жерден бастау алған.